

Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебі

**2023 – 2024 оқу жылында 1-сынып
оқушыларымен жыл бойына
атқарылған тәрбие жұмысының
есебі**

Сынып жетекші : М.Оспанова

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында 1 - сынып оқушыларымен жыл бойына атқарылған тәрбие жұмысының есебі

Сыныпта барлығы 22 оқушы бар. Оның ішінде ұлдар- 11, қыздар- 11. Оқулықпен оқушылар 100 пайыз қамтылды. Сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек айында үйлерін аралап шықтым.

Жыл басында 2023- 2024 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары жасақталып, жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс шаралар ұйымдастырылды. Бүкіл тәрбие жұмысы оқушылардың сындарлы ойлау өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру бағытында жүргізілді.

Жыл басынан яғни қыркүйектен бастап 1- сыныпта «Мен Отанымның патриотымын!» атты сынып сағаты өтті. Күнделікті сынып оқушыларының тәртібін, сабаққа деген ынталарын, үй тапсырмаларын қаншалықты орындайтындықтарын бақыладым. Бақылау кезінде оқушылардың оқу барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап, оларға ескертулер айтып отырдым. Әр аптаның бірінші күндері күнделіктерін тексеріп, ескертулер беріп отырдым.

Баланы қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аударатырып «Отбасы және баланы тәрбиелеу» тақырыбында ата аналар жиналыстары уақытында өткізілді.

01.09.2022ж күні «1- қыркүйек білім күні» атты тәрбие сағаты өтті.





18.10.21 күні күз мезгіліне байланысты «Күзгі жәрмеңке» өткізілді. 2 -сыныбының оқушылары жақсы бағаланып марапатталды.

13.12.21 күні Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз тұғырым» атты іс-шара өткізілді. Оқушылар жақсы атсалысып қатысты.



18.01.2023жыл «Кітап біздің досымыз» тақырыбында әңгіме жүргізілді.. Кітап сарқылмас қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндірілді.




Ата –аналар жиналысы. 10.02.2024ж

Бір апталық демалысқа кетуімізге байланысты «Отбасы – тәрбиенің ұясы» тақырыбында жиналыс өтті. Ата – аналарға бала тәрбиесі жөнінде психологиялық тұрғыдан кеңес берілді. Мектеп психологы Хусайнова Т ата-аналармен жұмыс жасады.


Оқушылардың оқу үлгірімі жайлы айтылып, оқушы портфолиосымен таныстырылды.



05.03.24жыл Халықаралық әйелдер мерекесіне орай ұйымдастырылған «Ана жүрегі» атты тәрбие сағаты өтті.




02.04.24 ж «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «20 минуттық кітап оқу» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.



10.04.2024 күні бастауыш апталыгы өтуіне байланысты «Ынтымақты отбасы» сайысы өткізілді, оған Құттыбековтар отбасы қатысып жүлделі орын алды.



«Ата-ана мен бала байланысы» тақырыбында ата-аналарға арналған тренингтер өткізілді. Оқушылар өз ата-аналарын ыстық құшақтарын жая қарсы алып, түрлі ойындар өткізілді.



Жыл қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі 100 пайыз, сапалық құрамы пайызбен оқу жылын аяқтады. Оқушылар жыл бойы мектептің қоғамдық іс- шараларына белсене қатысты.

Сыныпты 15 оқушы бар.

Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар жоқ.

Жартылай жетім-0

Жетім- 0

Тіл мүкісі -0

Сәтсіз отбасы-0

Көп балалы отбасы -6

«Үздік»-4

«Екпінді» - 6

«Үлгермеуші» -0

Дарынды –талантты оқушылар Арызқұл Айзере, Сарболв Ислам, Бектемір Ақбота, Оразалы Айару.